

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ  
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ**

**ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

**Мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасы**

**Д Ә Р І С**

**Тақырыбы: ШЫҒЫС ЕЛДЕРІНДЕГІ ФЕОДАЛДЫҚ  
МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚҰҚЫҚ**

**Кафедра мәжілісінде талқыланып,  
мақұлданған: 2016 ж. «\_\_» қыркүйек  
№ \_\_ хаттама**

**Дайындаған: кафедра аға оқытушысы  
полиция капитаны И.М. Искаков**

**ҚАРАҒАНДЫ 2016**

# ШЫҒЫС ЕЛДЕРІНДЕГІ ФЕОДАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚҰҚЫҚ

## ЖОСПАР:

1. Ежелгі шығыс елдеріндегі феодалдық мемлекеттің даму ерекшеліктері.
2. Араб халифатының дамуы мен пайда болуы.
3. Мұсылман құқығының даму ерекшеліктері.

## Пайдаланылатын әдебиеттер:

- Биекенов Н.А., Сәлкебаев Т.С., Сейдіғалиев Т.Р. Мемлекет және құқықтың жалпы тарихы. Оқу-әдістемелік құрал. Қарағанды., 2005
- Сейдіғалиев Т.Р., Искаков И.М. Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы. Оқу құрал. – Қарағанды., 2015
- Булгакова Д.А., Истаев А.Ж. Мемлекет және құқықтың жалпы тарихы. Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы., 2008
- Всеобщая история государства и права в схемах. Древний мир. - М., 1996
- Бонгард - Левин Г.М. Индия эпохи Маурьев. М., 1973
- Васильев Л.С. Курс лекций по Древнему Востоку. М., 1985
- Всеобщая история государства и права./ Под ред. Батыра К.И.. М., 1996
- Дьяконов И. М. Общественный и государственный строй Древнего Двуречья.
- История государства и права зарубежных стран./ Под ред. Жидкова О.А. и Крашенинниковой Н.А. ч.1., М., 1988
- Мұхтарова А.Қ. Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы. Алматы, 2005
- Крашенинникова Н.А. История права Востока. М., 1994
- Лаурье И.М. Очерки древнеегипетского права 16-10 вв. до н.э. Л., 1960
- Хрестоматия по истории государства и права зарубежных стран. М., 1984, с.12-34
- Шапақ Ү.Ш., Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы. Оқу құралы. Астана., 2005
- Черниловский З.М. Всеобщая история государства и права. М., 1996

## Кіріспе

Араб халифаты мемлекеті және оның құқығының тарихын оқып үйрену маңызды. Мұсылман құқығының принциптері бүгінгі саяси өмірде кеңінен қолданылады. Кейде ислам қағидалары догмаға да айналып кетуі мүмкін. Мұсылман құқығы кеңінен тарап, тұрақтап қалған мұндай елдерге: Марокко, Тунис, Сирия, Мавритания, Иран, Пәкістан, Ирак т. б. жатады.

Қоғамдық өмірдегі жалғыз ғана реттеуші заң ретінде шарифатты ұзақ мерзімге орнықтыруға бірнеше себептер ықпал жасады. Шығыс елдеріндегі әлеуметтік-экономикалық жағдайларға көптеген ғасырлар бойы ислам діні жетекшілік етті және оның батыс діндерден елеулі айырмашылығы болды. Феодализм дәуірінен бері қарай ислам діні мындаған жылдар бойы қоғамдық қозғалысқа мұрындық болды. Айтарлықтай маңызды орын алатын жағдайдың бірі – мешіт ұзақ уақыт бойы діни орын ретінде қызмет етті. Онымен қатар шарифаттың тірегін әрқашанда адатпен байланыстырған жөн, халықтың күнделікті тұтынатын ислам қағидалары діни құқық болып қалыптасқан.

Арабтар жаулап алу кезіндегі шарифат шарттары құқық ретінде Египет, Сирия, Месопотамия, Кавказ бен Орта Азия елдерінде қабылданған. Адат шарифаттың, шарифат адаттың сақталуына мүмкіндік туғызып отырған. Ұзақ уақыт бойы ақсүйектер мен діни үкімет бір адамның (халифтың, сұлтанның, әмірдің) қолында болып келді. Бұл жағдай сапасы жағынан алғанда шарифат қолданыстағы бірден бір заң ретінде мұсылмандардың қоғамдық өмірдегі құқына байсалды түрде әсер етіп отырды. Ол тіпті капиталистік қарым-қатынас пен тәртіптің орнауына айтулы ықпал етті. Бірақ буржуазиялық қарым-қатынастардың дамуы шарифат монополиясын бұзды.

Осы күндері мұсылман елдерінің көпшілігінде мемлекеттік ақсүйектер ұйымдары құрылған, бірақ олар діни соттарды сақтайды. Шарифат сотының сақталуы дін иелерінің саясатқа, халықтың азаматтық құқығына араласуына кең жол ашты. Бұндай жағдай қоғамдық-философиялық ойдың дамуына, өмірге материалистік тұрғыдан қарауға кедергі жасады. Көзқарастары демократиялық тұрғыда қалыптасқан адамдар да дін иелерінің қудалауына түспес үшін өздерінің пікірлерін ислам діні қағидаларымен тиянақтап отыруларына тура келді. Ислам мен шарифат осы күнге дейін Азия мен Африка мемлекеттерінде өзінің үлкен ықпалын жүргізуі, кейбір жағдайларда елдердің дамуына кері әсерін де тигізді.

Көбіне ислам дінінің прогрессивті рөлі де болатынын ескеру керек. Мысалы, 1978-1979 жылғы Иран төңкерісінде Иран дін иелері төңкерісті басқарды. Шах өзінің мемлекетті басқарған соңғы жылдарында дін иелерінің үстінен бақылау қоюға тырысты. Бұл, әрине, дінге сенуші халықтың қобалжуын, наразышығын туғызды. Бұл кездерде мешіт бұқара халыққа әсерін тигізе алатын және Иранда қалың жұртшылықта ежелден келе жатқан байланысы бар ұйымдасқан ресми күш еді.

## **Мұсылман құқығының қазіргі қоғамға икемделуі**

Мұсылман құқығы осы күнге дейін әлемдегі ықпалды жүйелердің бірі болып отыр және ол миллиардқа жақын мұсылманның өзара қатынастарын реттейді. Мұсылман халқы қоныстанған көптеген мемлекеттер ислам дінінің принциптеріне адал екендігін жариялайды. Бұл жариялық Марокко, Египет, Индонезия мемлекеттерінің конституцияларында бекітілген.

Мұсылман құқығы өзгеріссіз. Бірақ оның қолданылу мүмкіндігі өте кең. Себебі, ол өмір талаптарына байланысты икемделе алады. Құқықты өзгертпей, қарама-қарсы жақтардың келісуі арқылы, әдет ғұрыптың жаңғыруына, қоғамның дамуына әсер ететін жағдайларды кіргізуге мүмкіндіктер табылады.

Қазіргі кезде діни факторлардың әсер етуі едәуір күшейіп, ол ислам дінінің әр елдерінде қоғамдық дамудың дәстүрлі кезеңі ретінде қалай таралса, әлемдік саясатта да сондай жағдайда. Ислам факторы Иран төңкерісінің бірінші кезеңінде шахқа қарсы және империализмге қарсы бағыттың күшеюіне мүмкіндік туғызды.

1979 жылдың басында Зия-уль-Хактың жар салуымен Пәкістандағы қоғамдық-саяси және экономикалық құрылысты исламдық негізде ұйымдастыру – буржуазиялық саяси билеуші одақтың мақсатына қызмет етті. Исламды президент А. Садат қолданды, исламды социализм жүйесіне де қарсы қолданғаны мәлім. Ислам дінінің қолдануы қазіргі заманда жан-жақты.

Бүгінгі таңда мұсылмандар жер жүзі бойынша бір миллиардқа жақын адамға жуық деп есептеледі. 35 елдің негізгі тұрғындары мұсылмандар, ал 18 елде олардың ықпалы аз. Ислам бірсыпыра елде мемлекеттік дін ретінде жарияланған. Ислам төңірегіне он үш ғасыр бойы белсенді түрде үздіксіз әсер етіп келе жатыр. Ислам жай діни жүйе ғана емес, ол "өмірдің бейнесі".

Араб мәдениеті философия ғылымына, әдебиет пен көркем өнерге зор үлес қосты. Буржуазиялық оқымыстылар IX-X ғасырларда мұсылман дәуірінің өркендегенін айтады. Араб медицинасы, астрономиясы, математикасы, музыкасы, сәулет өнері жан-жақты дамыды. (Ибн-Сина, Хорезми, Бируни, Ферғани, Әл-Фараби).

## **Араб халифатының пайда болуы**

VI-VII ғғ. Аравиядағы әлеуметтік қатынастар Мұхаммед нанымның қарсаңында өте күрделі жағдайда болды. Рулық қарым-қатынастардың арасында (отбасы мүшелерімен рулық байланыс, кек алу салты, жерді иелену) ру ақсақалдарының бөлініп шығу кезеңі жүріп жатты. Сауда және өсім алушылық, ірі қалаларға тән тұрмыс сипаттары кең таралды. Өзара әлеуметтік теңдік жағдайында шаруалар қауым болып өмір сүрді. Аса бай сауда қалалары үнемі тәуелсіздікке ұмтылып отырды. Мұндай жағдайда оқудың кең таралуы табиғи нәрсе. Дін әділетсіз ру ақсақалдарының қолына шоғырланғанын жариялап, бостандықтағы азаматтардың теңдігін формальды түрде мойындады. Жаңа дінге байланысты (тайпаларға қарайтыннан тәуелсіз) және әлеуметтік кезеңнен жаулап алу жолы да ақталды, сөйтіп дін жалауы астында соғысты іске асырғысы келді. Аравияның бірігуі және

жалпы Араб мемлекетінің құрылуы таптық қоғамның қалыптасуынан туындады. Осы кезеңдегі бірігуге ислам діні ұйытқы болды.

Исламның дамуы кезеңінде Аравияның қоғамдық құрылысы өзінің белгілі бір дағдарысты жағдайын бастан кешіріп жатқан еді. Мұндағы құл иленушілік қоғам өлі жетекші билікке ие болған жоқ. Ол кезде Египет, Сирия, Месопотамия сияқты елдерді арабтың жаулап алу кезеңі ислам дінінің дамыған феодалдық қоғамда таралуына әсер етті. Аяқталған жүйе сапасында исламның пайда болуы, феодалдық қатынастың басшылығымен және бұл басшылықты тікелей қайталауы, қоғамдық қарым-қатынаста қолданатын жағдай туғызды. Бірақ, құл иеленушілік тәртіп те, тайпалардың қауымдық қатынастары да ұзақ уақыт сақталды. Айтарлықтай маңыздылығы, шариғаттың жалғау заң ретінде бекітілуі, мынаған дәлел береді: ұзақ уақыт бойы мешіт діни және ақсүйектер жұмыстарын, оның ішінде сот істерін де шешетін орын ретінде қызмет етті. Орта ғасырдағы мұсылман елдерінде заң шығарушылар болып тек құдай сөзін айтатын адамдар ғана танылды. Діни нанымның кезеңінің қаншалықты ықпалды екенін араб тайпаларының орталықтану кезеңі көрсетті.

Зарен күрейіш тайпалары басымырақ шоғырланған Мекке аймағында ол ерекше көрінді, олар керуен саудасын жақсы жүргізіп, көрші тайпаларды бағындырып алу барысында нәтижелерге жеткен. Алдыңғы қатарлы жағдайды олар құдай Алла атымен иемденді және қалайда ірі пұтпен Хұбалаға қосылып кетті.

Арабияның географиялық жағдайы, оның саудаға ежелгі уақыттан араласуы Шығыс пен Батыстағы басқа мемлекеттер мен саяси және мәдени байланыстарды дамытуға ықпал жасағаны сөзсіз. Сол сияқты араб ортасын монотеизмге тартуға икемдегені айқын. Ескіден келе жатқан библия аңыздары мен інжілдік атқару, ежелгі грек философиясы мен рим юриспруденциясы, зороастризм және буддизм, шығыс деспотизмнің өткен кезеңі мен ежелгі патшалықтардың орталықтандырылған бюрократиялық нормалары, сондай-ақ арабтарда исламның пайда болуы да белгілі бір рөл ойнады. Исламды тікелей уағыздаушылар қозғалысының "шындықты іздеушілері" ханафизм болды. Олар рулық дінге қарсы шықты және жалғыз рахман құдайына ғана бағынды.

Ислам Мұхаммедтің атымен байланысты және оған дейінгі жергілікті пайғамбардың атынан, құдайдың атынан қатысқандар "уақыттың" келгенін білдірді, осылардан кейін барлық бақытсыздық тоқтатылды. Тек бір ғана Мұхаммедтің таратуы табысқа жеткізді. Оның өмірбаяны сегізінші ғасырда жазылған, Ол Банухашим деген рудан шықты, 177 тайпасы күрейіш, жастайынан жетім қалып, ағасының малын баққан. 25 жасында 40 жасар Меккелік Хадиша деген әйелге үйленген.

Тұрмысын түзеп алғаннан кейін сауданы тастап діни, тәртіп жұмысына тереңірек кірісті. Оның көзіне түрлі құбылыстар көрініп, біреулердің дауыстарын естіді. Рамазанның бір түнінде, күнтізбенің тоғызыншы айында түріктің оразасының 30 күнінің бірінде (ранда-рузе, фаттарда-саум.) оған

жаналғыш әзірейіл келіп, аспандағы Алланың тағының астына жасырылған Ифиннің мазмұнын ашып береді.

Мұхаммедтің дін уағыздау жұмысының табысы былай келесумен болды, жаңа дін оқу қарапайым халықты феодалдық дәуірдегі тайпа басшыларына және көпестік өсім алушылықтың қабатталуына қарсы күрестің бір түрі болды. Ал тендік және туысқандық идеясы бұл оқуды ұстап тұрып, ең кедей аймақтарының талаптарына, ұмтылыстарына жауап беру езушілердің ретінде қатысты. Оның уағыз жұмыстары Меккенің ірі басшыларын және Қаабаның әулие қызметкерлерінің наразылығын туғызды. Әйелі мен ағасы қайтыс болғаннан кейін Мұхаммед қауымды құрған және жергілікті араб, үнді тайпаларын біріктіріп тұрған көрші Ясрибке (Медине) кетуге мәжбүр болды. Бұл 622 жыл – мұсылмандардың жыл санауының бірінші жылы.

Арабтардың атақты адамдары бір құдайға бағыну идеясының артықшылығын түсінді, оның көмегімен көпшілік бұқараны өзара татуластыруға, бағындыруға болатын еді. Ал шындап келгенде, "діни төңкерісті аяқтап", Мұхаммед қоғамның бейнесіне өзгеріс жасады және дін жасағы қызмет етті, саяси жағынан жаулап алып, тәртіпке келтірді. Ислам діни мемлекеттік дін ретінде осындай маңызға ие болды. Оның әсерімен көп ұзамай Оңтүстік және Батыс Арабиядағы қарсылық басылды.

Мединелік пайғамбар жағындағылар бейбіт түрде қалаға кірді, ал күрейші басшылары исламды қабылдап, пайғамбардың серіктерінің ортасынан орын алды. Меккенің басшы топтары Мұхамедті билеуші ретінде қабылдады. 632 жылы Меккені мұсылмандардың әулие астанасы деп жариялады. Мұхаммед ол жаққа қажылық жасады және бірінші қожа болды. Мединеде бейіті аса құрметті Қаабаның артында жерленген. Оның қайтыс болуынан кейін Халифтікке Әбу-Бекірді сайлады (632-634), одан кейін Омар (634-644), Осман (644-656) болды. Мұхамедтің ізбасары кезінде "пайғамбар туы астында" көрші мемлекеттерді жаулап алу кезеңі өтті. Жер орта теңізін және Орта Азияны, Сирияны, Палестинаны, Египетті, Иранды, Закавказьені, Солтүстік Африканы, Ауғанстанды, Орта Азияны, Испанияны жаулап алу нәтижесінде үлкен жерді алып жатқан мұсылман империясы – халифат пайда болды. XI ғасырда ислам діни Солтүстік Үндістанға тарайды. XIV ғасырда оны Алтын-Ордалықтар қабылдады, кейін Солтүстік Кавказ бен Батыс Сібір қабылдады. Ислам дінін тарату әскери әрекеттің нәтижесінде болып өтті. Бейбіт түрде ол Индонезияға енді. (Араб және үнді саудагерлерінің насихатымен бұл елден индуизм және буддизм біртіндеп ығыстырылды). Жаулап алу соғысының негізгі оңай баюға ынталандыру болды. Жаулап алуды көпқұдайлық, феодалдар арасындағы үзіліссіз араздық және жаулап алынған халықтардың саяси бытыраңқылығы жеңілдетті. Исламдандыру мен экономикалық ынталандыру Месопотамияда, Сирияда, Палестинада, Египетте, Ливияда арабтар қоныстанған және басқа жерлерде оңай жеңіске жетті.

Ислам діні қабылданған аймақтарда арабтандыру жұмысы жүргізіліп, жергілікті тіл мен мәдениет арабтардікімен араласып, ассимиляцияға түсе бастады.

Иранда, Закавказьеде, Орта Азияда және Ауғанстанда арабтардың экономикалық саясаты басым түсе бастады: жер мемлекеттік деп жарияланды, мұсылмандар үшін салықтар қысқартылды, шаруалардың айыптары жеңілдеді. Феодалдардың үздіксіз қанауынан шаршаған аймақтарда бейбіт тұрғындар исламның көпшілігінде мүддесіне жауап екенін тез түсінді. Оның қол жетерлік парыздары мен әдет ғұрыптарын қабылдау оңай еді, олар ешқандай арнайы дайындықты талап етпеді. Шариғаттың ережелері жаңа заманның дәстүр-салттарымен астасып жатты. Қарапайым адамдар ислам дінін тез қабылдады. Олар, өз тайпаларының бәле-жаладан қорғамаған бұрынғы күдіретті құдайларына деген сенімдерін жоғалтты. Исламның шарттары өмірдің ең керекті нәрселеріне әсер ететіні байқалды.

**Араб халифатының қоғамдық құрылысы.** Араб халифатының ерекшеліктері феодалдық қоғамда белгілі бір орын алды. Феодализмнің дамуы тарихи-географиялық жағдайда біркелкі болған жоқ: Сирияда, Иранда, Египетте феодалдық қатынастар белең алды, ал Арабияда рулық қоғам өмір сүрді.

Жер иелену қатынастарында жерді мемлекеттің меншіктеуі басым орын алды. Халиф пен басшылар оны шаруаларға пайдалануға таратты және жер иесінің қайтыс болған жағдайында жердің тағдырын анықтап отырды.

Бірігіп пайдалануды қажет ететін суармалы егін шаруашылығы кеңінен қолданылды. Жерді пайдаланудың негізгі түрлері икта, мұльк және вакф деп аталды. Икта-шарт қойылып алынған дүние, мұльк-толық жеке меншіктегі жер және вакф-нақты бір мақсатпен шартты түрде сыйға берілген жер, жер иеленуші басқару құқығын сақтап қалады. Таптық құрылымы: феодалдар-басқарушы қанаушы тап, жаулап алынған елдерден келген байлықтың ең көбін алды; негізгі орында мұсылман дін басылары тұрды; шаруалар-этникалық топтың ең көпшілігі; қала адамдары - көпестер, қолөнершілер; құлдар-тұтқындар және еріксіздер, шет елдерден сатып әкелінгендер.

**Омеядтар кезеңіндегі мемлекеттік құрылыс (661-750).** Пайғамбар артында еркек жынысынан мұрагер қалдырған жоқ. Мұхаммед қайтыс болғаннан кейін төрт халифтың ізбасарлары: Әбубәкір, Омар, Осман, Әли басқарды. Әли қайтыс болғаннан кейін өкіметті араб атақтылары жаулап алды, халифтікке Муавид шақырылды. Халифтің орталығы Сирия, астанасы Дамаск қаласы болды. Омеядтар мемлекеттік аппарат қызметіне тек арабтарды ғана алды, барлық іс араб тілінде жүргізілді. Сонымен қатар ақша шығара бастады. Алғашқыда халифтікке араб атақтыларын сайлады. Ақсүйектік және діни үкіметті мұрагерлікке қалдырған халиф біріктіріп отырды. Жергілікті басқарулардың өзіндік құрылымы болды. Билік басында әмірлер тұрды. Олар әскери, әкімшілік және діншілік үкіметті жүзеге асырды. Әмірлерде екі орынбасар болды, оның біріншісі қаржы істері

жағынан, ал екіншісі қади-халифтің діни үкіметтік шаруаларын жүргізушілері болды.

Әскерді тұтқындар толықтырып отырды. Атқару билігі төрт диван қолында: Аль Харади-қаржы министрлігінің жұмыстарын орындады; Аль-Хатим-халифтің хатшысы; Аль-Расил-пошта және байланыс мекемелері; Аль Муггакиллят-әскерді басқаруды қамтамасыз ететін және әскер қызметкерлерінің санағын қамтамасыз ететін орган.

Уәзір кеңесшінің және халифтің орынбасарының рөлін орындады. Осындай мемлекеттік құрылымнан байқалғандай, араб мемлекеті – теократиялық монархиялық сипатта дамып, барлық билік халифтің қолына шоғырланып отырды.

**Абассидтер кезеңіндегі Халифат (750-1258).** Абассидтер руынан шыққан Халифтер үкімет басына Иран ірі жер иеленушілерінің және дихандардың кемегі арқасында келді. Халифаттың жоғарғы билеушілері біртіндеп жартылай ирандық кейіпке түсе бастады. Абассидтердің астанасы Бағдад қаласы болды. Абассидтер жаулап алу саясатын тыңғылықты жүргізген жоқ. (Мағриб аймағы мен Испаниядан айырылып қалды) Жоғарғы үкімет жерді бұрынғыдай мемлекеттің меншігіне жатқызды.

Абассидтар тұсында халифат бюрократиялық аппаратпен дамыған бір орталықтағы мемлекетке айналды. Уәзірлердің саны өсті, олар мемлекеттік істерді өздері шешті, әскерді басқарды. Халифтің негізгі көмекшісі ұлы уәзір болды.

Қади-ағарту жұмыстарының және мешіт істерінің басты көмекшісі. Абассидтер дәуірінде әкімшілік құқықты меңгерген бастықтардан кісі өліміне қатысты іздестіру істерін атқаратын ерекше полиция-шурта құрылды. Ол сот тергеушілерін және сот үкімін орындайтын жергілікті қызметкерлерді құрады.

Сот жүйесі соттың қади қызметі мен әрекеті арқылы көрініп, ерекше сипатқа ие болды. Алғашқыда бұл жұмысты соттың міндетті қызметі тапсырылған кішігірім қызметшілер атқарды. Ол міндетті түрде діни әдет-ғұрыпты орындай алатын мұсылман, дін басы жіберуге беделді, саяси ықпал шеңберіндегі адам болуы керек. Мұсылман қадиы жан-жақты, өзі қади, нотариус, занды талқылаушы ретінде сот саласындағы сұрақтарға сенімді болды.

Әскер мынадай араб тайпаларының жасағынан: жаддамалы әскерлерден; гулямдардан (түркияның құлдарынан, африкалықтардан, славяндардан) құралды. Халифтің қарауындағы күрейіш тайпасынан, шексіз үкім жүргізушілерден. Пайғамбардың найыптары мен шарифаттың қорғаушыларынан тұратын араб халифаты теократиялық монархиялық ел болды.



## **Мұсылман құқығының даму ерекшеліктері**

Орта ғасырлардағы шығыс үшін Араб халифатында пайда болып, ең қолайлы бағытта дамыған құқықтық жүйе – Мұсылман құқығы – Шариғат болып табылады. Шариғат жолы Орта Азияда, Закавказьеде, Шығыс, Батыс және Солтүстік Африкада, Оңтүстік және Оңтүстік-шығыс Азияда қолданыла бастады. Яғни, халифат жеткен жерге дейінгі аралықты қамтыды.

Мұсылман құқығы дін ретінде феодалдық қатынастардың дамуына және нығаюына мүмкіндік туғызды. Мындаған жылдар бойғы құқық түрінің тұрақтылығы феодализм кезеңінде жаңа мазмұнмен толығып, феодалдардың мүддесін қорғады. Бұл діни тәртіп болды, ірілі-уақты шарттарды қоғамдық өмірдің барлық жақтарында жүргізді.

Мұсылман құқығының әдебиеттегі бағасы әртүрлі сипатта, кейде тіпті карама-қарсы мағынада қолданылады. Қазіргі замандағы мұсылман құқығының атқаратын маңызын көрсете отырып, француз ғалымы Давид Рене дүниежүзілік құқық жүйесіндегі мұсылман құқығының орнын анықтап берді. Давид Рене мыналарды бөліп көрсетеді: романдық-германиялық құқықтың отбасы, ортақ немесе роман-германиялық отбасы, социалистік құқықтық отбасы жүйесі, діни жүйелер. Діни жүйелер кезеңінде үшке бөлінеді: мұсылмандық, иудаизм және индуизм.

Мұсылмандық құқықтың дінмен байланысы, өзінің түбегейлі тұжырымдамасы және теориялық қайнар көзі арқылы басқа құқықтық отбасылардан өте өзгешілігімен көзге түседі. Жеке құқық, отбасылық құқық, мұрагерлік құқық, мұсылмандық құқық нормаларымен қоғамдық қатынаста реттеледі.

Біз осы құқық жүйесінің феодализм дәуіріндегі жағдайын, құрылу кезеңін еңгіме етеміз. Мұсылман құқық жүйесіндегі құқықтық діни этникалық нормалар, мазмұны жағынан әртүрлі болғанымен, бір-бірімен сабақтаса отырып, біртұтас біріккен кешен түзейді.

Мұсылман құқығы мен мемлекеттің арақатынасының өзіндік ерекшелігі бар. Шариғаттың барлық нормалары құран мен суннадан шығады. Олардың құдайдың құдіретінен тыс болуы және принципті түрде қолданылуы мүмкін емес. Алайда, мемлекет дін сенімінің негізі және діни міндеттердің орындалуы, адамдар арасындағы қарым-қатынасқа нормалар енгізді. Соңғысы құқықтық норма болып қалыптасты.

Формальды құқықтың нұсқаларымен таныса отырып, оның мемлекетпен қатынасына көңіл бөлу керек. Мұсылман мемлекеттерінің заң шығаратын формальды түпнұсқалары халифаттың алғашқы қалыптасу кезеңдерінде ғана қолданылған (VII-VIII ғғ.). Алайда бұл процесті тәмамдау мен мұсылман құқығының одан әрі дамуына тікелей мемлекеттік пәрмен бола қойған жоқ. Мемлекет құқықтың дамуы процесіне объективті түрде ықпал ете алмады. Мұсылман құқығының негізгі ерекшелігі - оның доктриналығы, құқтанушы беделді оқымыстылардың еңбектері. Санкцияландырылған норма арқылы мемлекет өзінің рөлін жанамалай ғана орындап отырған. Бұл әрекет мұсылмандар құқығының доктриналығымен және өнегелілігімен тұжырымдалған. Мұсылман құқығында көпшілік және

жеке құқық нормалары әрқашан тәуелсіз болып келді. "Мұсылман ойының бағыты, - деп жазды Р. Шарль, - қатаң тәртіп пен нақтылық жағдайында ешқашан тәуелді болмау". Сол кезеңдерде түсініктілік және айқындылық принципі батыс үшін аса маңызды болып есептелді.

Мұсылман құқығы – дін мен құқтың сабақтасуының жарқын керінісі. Мұсылман құқығы ғылымның жеке саласы емес, ол ислам ілімінің бір ғана жағы. Бұл дін мыналардан тұрады: теологиялық догмалар жиынтығы, міне, мұсылмандар осы ұғымға сенуі керек: шарифат – адамгершілік жолы.

Шарифат адам баласы үшін жүзеге асуы міндетті идея ретінде түзілген. Міндетін орындамаған жағдайда адам заң бұзушы болып табылады. Ислам әлемінде мемлекет жүргізіліп жатқан діннің қызметшісі ретінде маңызды ірі теократиялық қоғамның тұжырымдамасына жетекшілік етеді. Таза құдай жолымен шектеліп қалмай, мұсылман заңгерлері мен теологтары жер жүзі исламға бағынатын құқтар жүйесін жетілдірді. Ислам – заңның діні.

Мұсылман құқығы - мұсылман рухының шығу мазмұны, мұсылман идеологтарының ең түсінікті бағыты.

Мұсылман құқығы ғылымының екі тарауы бар: шарифатты құрайтын тұтас бір кешенді түсініктер ережесі, шығу тектері, материалдық мұсылман құқығының нормасына жататын шешімдер.

Мұсылман құқығының қайнар көздері:

- 1). Құран-ислам дінінің бас кітабы.
- 2). Сунна-құдайға байланысты дәстүрлер.
- 3). Иджма-мұсылман қоғамының біртұтас келісімі.
- 4). Қияс-аналогиялық пікірлер.

Құран-Алланың соңғы Пайғамбары Мұхаммедке жіберген қасиетті кітабы. Бірақ ол құқық кітабы немесе кодекс емес.

Сунна-Пайғамбардың тұрмыс-тіршілігі жөнінде діни нанымдағыларды қалай басқару керектігі туралы әңгімелейді. Мұсылмандық дәстүр, адаттың жинағы. Бұл Мұхаммедтің қағидаларының бір тармағы. Бұл салттардың жинағы мұсылман құқығының теориясы болып есептеледі.

Иджма - докторлардың өзара келісімінен құралған. Құран да, сунна да барлық сұраққа толық жауап бере алмайды.

Мұндай күрделі жағдайда (қандай да бір сұраққа жауап жоқ кезде), жауап орнына қатып қалған дайын догмалар мен мұсылман қоғамының тұтастығы мысал ретінде ұсынылады.

1) Адат менің қоғамым қате шешімді ешқашан қабылдамайды;

2) 115 қатар 4 өлеңнен тұрады "кімде-кім наным жолына жатпайтын басқа жол іздесе, ол тозаққа тап болады". Иджма Еуропа салтына жатпайды. Ол жалпы мойындауды да талап етпейді. Талап ететіндер барша ілімді жетік білетін адамдар тобы. Олардың рөлі құқық белгілеуден тұрады. Оқымыстылар-пайғамбардың мұрагерлері. Құқық докторларының бір қалыппен ойлауы-исламның қағидаларының кең қанат жаюымен түсіндіріледі. Құранның практикалық мағынасы-сунна мен иджма. Мұсылман құқығының үш қайнар көзі, міне, осылар. Құран мен сунна негізгісі. Бірақ бүгінде бұл тек құқық ілімінің тарихи қайнар көздері, оларды

калай болса солай пайдаланбауы керек. Тек құқық кітаптары ғана иджманы мақұлдаған. Біздің жағдайымызда мұсылман құқығын оқу үшін пайдалану керек. Мұсылман құқығы догма негізінде біздің дәуіріміздің X ғасырында өзгермейтіндей болып белгіленген. Ислам діні өкімет құқығының өзгерістерін мойындамайды. Мұсылман мемлекеттеріндегі үкімет басындағылар құқық қызметін заңды жолмен құра алмайды. Олар тек заң актілерін мұсылман құқығы рұқсат еткен мөлшерге дейін бере алады. Қияс – аналогияны құқық қолдану ретінде талқылауға болады. Құқық сенімдегілері діни істерге байланысты жүргізуі керек. Ол ақиқаттың айнасы деңгейіне көтерілуі шарт емес. Әрине, құқық жүйесінде Құран негізгі орын алады. Ол мұсылмандар үшін қастерлі. Бұл қасиетті кітап барлық белгілі оқиғаларды түсіндіреді: адамның өмірге келуін, тууын, өліміне дейін талдау жасайды. Ол ежелгі араб тілінде жазылған. Құранда соңғы жағынан қысқартылған 90 меккелік, 24 мединалық сүре бар. Олар шабытты жазылған. Айқын ырғақпен ұйқастырылған сөйлемдер тыңдаушыға әсер етіп, ислам күдіретін сездіреді.

"Алладан басқа құдай жоқ, Мұхаммед – оның Пайғамбары" - деген исламның негізгі қағидасы. Мұсылмандықтың негізгі өзегін фатализм құрайды. "Сіздерге берілген уәдені сіз әлсірете алмайсыз". Құран бастаған істі аяқтауды уағыздайды: пітір төлеу, бес мезгіл намаз оқу, ораза ұстау сияқты мұсылманның бес парызын қатаң сақтау керек.

Әдебиеттерде құранға әртүрлі баға беріледі. Құран заңның бастапқы көрінісі. Құранда қоғамдық-бұқаралық жеке бас құқықтық нормалары ешқандай бағынушылықсыз қолданылған: догмалармен суарылған мұсылман құқығының жасанды болуы мүмкін емес. Мұсылман түсінігіндегі ойлы бағыт ешқашан қатаң тәртіп алдында бас июге әкелмеді. Мұсылмандар әлемдегі жаңа көзқарастарға сақтықпен қарайды: "Біз іздейтін жұртпыз, бірақ ойдан шығармаймыз!" дейді олар өздері жөнінде.

Дінге байланысты кейін пайда болған тұжырымдаманы негізге алды. Басқа жағынан алғанда, араб мұсылман империясының жеңімпаздарын өз жүйесімен, тәртібімен өсіруге мәжбүр болды. Жаулап алынған елдердегі өмір құбылыстарынан тәлім ала отырып, өмір сүрді. Ал иудейдің христиандыққа өту кезеңіне қарағанда ислам догмасы әлдеқайда дәлелденген болып табылады. Араб жаулап алу жылдарында (639-750) жаулап алушылар қабілетті болып шықты: олар дамыған мәдениеттің жетістігін алып, шын көңілмен пайдаланды, жаңа үлгідегі мұсылмандар ислам дініне өздерінің ойлары мен тәсілдерін әкелді. Бағынышты болған халықтармен ақыл-ойлылық, мазмұндылықпен, шыдамды түрде араласа білді.

Арабтардың бақытына қарай олар әр түрлі облыстардың жақсы мәдениетін қабылдап, осының арқасында мұсылман құқығының негізін жасауға мүмкіншілік алды. "Діни тарихтардан бізге жақсы белгілі, - деп жазады көрнекті кеңестік ислам зерттеушісі Е. Н. Беляев.' - Бұрын болып кеткен оның оқуын және әсер етуін сынамаған, бұған жатпайтын, мұндай идеологиялық жүйелер мүлде жоқ. Мұсылман құқығы мен ислам дінінің өзіндік ерекшелігі мынада: олар қоғамдық болмыста қандай да бір кезеңде қандай да бір аумақта көп мәдениет қоныстанған халықтармен бірге

дамытты. Олардың экономикалық және мәдени арақатынасы және мәдениеттің болып өткен әсерлері орта ғасырлардағы араб мәдениетінің жарыққа шығуы болды және адамзаттың мәдени даму тарихындағы оның орны ерекше еді. Құран – бұл исламның "Библиясы". Бұны бір жағынан күрделі, қарама-қарсы мағынадағы ережелердің жинағы деуге келеді. Ал екінші жағынан – күрделі варварлық әдет-ғұрыпқа қарсы реакция байқалады. Ол араб тілін, шығыс христиандығын, еврей әдет-ғұрыптарын және басқа да тәуір үлгілерді өзіне қабылдады.

Құранды түсіну үшін ислам діні туралы әртүрлі көзқарастар болған Француз ислам зерттеушісі А. Массэнің айтқандарынан мысал келтіреміз: "Мұхаммедтің діни және саяси данышпандығына орай, әдіс-тәсілмен жұртты біріктірген арабтар өздерін тани отырып, өз орнын тарих дамуынан мәңгілікке орын алу үшін, мәдениетсіздіктен және анархиядан шыға отырып мынаған дайын болды: "Ол Мұхаммедті Меккенің буржуасы ретінде анықтайды. Ол араб жаулап алушыларын ислам империализмінің пайда болуы деп санайды".

Мұсылман құқығында істің бес түрлі категориясы бар: міндетті, айтылған, бейтарап, ұрысқан, жабылып тасталған.

Мұсылман құқығы ғылыми орта ғасырларда терең қалыптасты, сондықтан көптеген нормалар архаистік сипатқа ие болды, бұл жүйелендірілмеген казуистика болып табылады. Бірақ мұнда бастысы мұсылман құқығының өз табиғаты түпнұсқалық өзгеше орында.

Исламның бір бөлігі – мешіт құқығы. Кім оның талабына бағынбаса, сол кәпір деп саналып, мұсылмандар қоғамынан қудаланады. Әкімшілік тәртіппен, өздерінің келісімімен оны жаңа заманға бейімдейтін мұсылман құқығы өзгеріссіз, бірақ үлкен мүмкіншіліктер ұсынады. Дүние жүзінде мұсылман құқығы төрт мағынада өмір сүреді:

- 1) Ханифиттік (Иран, Түркия, Ауғанстан, Пәкістан, Үндістан, Египет);
- 2) Малакиттік (Солтүстік және Батыс Африка);
- 3) Шафегиттік(Сирия, Индонезия, Шығыс Африка);
- 4) Ханбалиттік (Аравия).

### **Отбасылық және мұрагерлік құқығының ерекшеліктері**

Отбасылық құқық. Неке – екі жақтың, әйел мен еркектің келісімі негізіндегі нәтиже. Некенің шарты: екі адамның келісуі, неке жөнінде жұрт алдында және ашық түрде жариялау.

Құқықтанушылардың көпшілігі келесі жағдай некеге тұру үшін керекті деп есептейді: екі жақтың әлеуметтік теңдігі; мұсылман дінін тұтынуы; бостандықта, еркіндікте болуы, денсаулығы күшті, шындықты айтуы, жұбайының жұмысы бар болуы.

Молда неке қиярда кәмететке толған мұсылманнан екі куәгер сұрайды.

Некенің түрлері. Сунниттерде тек бір неке. Ол мәңгілік және мерзімсіз. Шейіттер тағы уақытша неке қосады, бір жұбайының жақындығынан бастап ондаған жылдарға дейінгі аралықта. Бұл некеден

туған балалардың өз мәртебесі бар. Бұл неке мұрагерлік алуға құқық бермейді. Құран қандас туысқандардың некесіне тыйым салады. Туысқандарға жататындар: ана, әпкелер, екі жақтың апайлары, ағалары мен қарындастарының қыздары, асыраушысы, емшектес қарындастары, әйелінің анасы, яғни енесі, өгей қызы, өз баласының әйелдері, яғни, келіндері. Апалы-сіңлілерді бірден әйелдікке алуға болмайды. Құран еркек пен әкенің толық басшылығын қолдайды. Еркек әйелдерден жоғары тұрады. Себебі құдай дүниені оған бұрын берді. Сондықтан олар өз дүниесін әйелдер үшін жұмсайды. Құран төрт әйел алуға дейін рұқсат етеді. Ері әйелін азық-түлікпен, баспанамен, киімдермен қамтамасыз етуге міндетті. Әйел дүниесінің жағдайы талапқа сай келуі және ерінің әйелмен бірдей қарым-қатынаста болуы талап етіледі.

Еркектерге үйінен басқа жерде тұруына да рұқсат берілген. Ал әйелі өзінің ар, ұят тазалығы мен еріне сенімділігін таза ұстауы керек. Неке заттық келісімге ұқсайды, әйел қандай да бір зат ретінде алынады. Ажырасу жағдайында кезектегі уақыт белгіленеді. Некелескен адамдардың ажырасу құқығы бүтіндей еркектің қолында.

Тек "Құранның" бір жерінде сатып алған қалың малын қайтарған жағдайда әйелге ажырасуға рұқсат етілетіні айтылған. Еркек үшін ажырасуға әйелінің кішігірім кінәсі де себеп бола алады. Ажырасу еш сылтаусыз болуы да мүмкін. Ажырасу жағдайында тек тиісті салт жорасын өткізсе болды. Бірақ ажырасқан әйел үш ай ерінің үйінде қала алады. Өйткені балалар ерінің қамқорлығында қалады. Құран бойынша ажырасудың үш түрі бар:

Талақ. Егер жұбайлар иддат кезінде бір-бірімен жанаспаса, ал оның бітуінен кейін үш ай ері әйеліне қайтармайды. Талақтың тұрақты қағидасы: "Сен аластатылдың! Сен кесілдің! Сен жабылдың! Тізгінің өз мойнында! Өзіңнің руыңа барып қосыл! Сен айырылдың! Мен сені төркіңе қайтарамын! Мен сені жіберемін! Өз ісің өз қолыңда! Сен боссың! Төсекті босат! Таза бол! Кет, жоғал! Баста! Кет! Тұр! Жолдасыңды ізде!".

Иддат біткеннен кейін әйел үйден кетеді. Ері иддат ажырасуы бітіп, келесі некесінен кейін қайтарып ала алады.

Талақ – иддат біткеннен кейін салыстыру басталады.

Ажырасудың екінші түрі – Зихар (зихр-бел) өзінің әйелін өз жотасы деп атай отырып, ері некені бұзады. Бұл ажырасу аяқталмаған, сатып алуынан кейін жоққа шығарылғанмен бірдей болуы мүмкін.

Ажырасудың үшінші түрі – айман. Еркек әйелімен жұбайлық қатынасқа түспеуге ант береді. Бұл аяқталған ажырасу.

Шариғат бойынша тағы екі ажырасудың түрі бар: олар ила және хульча. Ила-уәде, төрт ай ұстағаннан кейін, аяқталған ажырасу болады. Хульча - екеуінің ажырасуға келісуі, әйелдің сатып алынғандағы ақшасын төлеуге келісу жайындағы ажырасу.

Әйел шариғат соты арқылы ажырасуды талап ете алады. Бұл ажырасу аяқталған, қадидің араласуы кезінде егер еркек адам өзінің жұбайлық міндеттерін орындамаса, тиісті өтеуін төлемейді, өзара "келіспейтін жағдайда" ақшасын ұстауға бермейді. Туысқандарының жұбайларды

татуластыруға құқы бар, бірақ ажырасу мүлдік қарым-қатынастарға тәртіпсіздік енгізеді. Ажырасу кезінде мүлдіктердің бөлінуінің де құқықтық негізі бар. Құран еркекке, әйелі жоғына мүлдіктің көп мөлшерін беруді қостайды.

Мынандай жағдайда, егер өлшемі "некенің етеуінде туысқандары мен оның әкесінің үлкендігі мен бағалығы тізімде тұратын болса, сол сияқты әйелінің жасы, әдемілігі, байлығы, ақылы, тұрғылықты жері мен ар тазалығы некелік шартта анықталған болса, ол мехр" беруге міндетті.

Егер мехр төленсе, онда оны қайтаруға мәжбүр етпейді. Шарифат сол сияқты еркектің әйелге ажырасу кезінде сыйлық беруін қостайды (киім немесе сәнді заттар). Бұл тартулар оның тұрмыстық жағдайына көмек беру үшін беріледі. Әйел кешеді бетін жауып жүрсін деген сез "Құранда" анық айтылмаған. Олар ерінің рұқсатынсыз үйінен шыға алмады, ешкіммен таныса алмады.

Баланы адам ету ата-ананың борышы. Балалардың мынандай екі түрі әкесінің қарауына жатпайды:

1) Нәресте занды некеден кейін туылғанымен, әкесі оны өзімдікі емес деп жариялаған жағдайда (дәлелсіз кезде);

2) Некесіз бала (Әкесімін деп мойындаған адамның занды балам деп айтуға құқы бар). Әке отбасын асырауға міндетті. Әйелінен ажырасып, анасы асырай алса да, әкесі ұлын 9 жасқа дейін, қызын 11 жасқа дейін асырауы керек.

Мұрагерлік құқық.

Өсиет-васипа. Мүлдіктің 1/3 бөлігі кімге тиесілі болса, өсиетте соның атына қалады. Бірақ, 2/3-і міндетті түрде заң негізінде туысқандарына таратылады. Мұнымен мұрагерлік заттарға бөтен біреулердің көздеу мақсатына кедергі жасайды және оны отбасы үшін жүзеге асырады. Тек мұсылмандарға ғана емес, сол сияқты мұсылман еместерге де өсиет қалдыруға болады.

Занды мұрагерлер. Бұл құранның ең күрделі бөлімі. Әйелдердің үлесі еркектердің 1/2 үлесімен тең. Ирс-қайтыс болғандардан қалған мүлдікке құқық пен міндеттіліктің жинағы.

Мұрагерлік келесі түрде таратылады:

- 1) Көмгендігі үшін ұстап қалу;
- 2) Қарыздарын төлеу;
- 3) Өсиеттің 1/3 елшемде болуы;
- 4) Занды мұрагерлердің арасында бөлінетін қалған мүлдіктер.

Мұрагерлер мыналарға бөлінеді:

1) Фарди ер екіден бірі, егер өйелде мұрагер болмаса, егер бар болса, төрттен бірі.

Әйел немесе әйелдері, егер мұрагер болмаса 1/4, егер бар болса, сегізден бірі.

Әкесі – алтыдан бірі, егер әкесі болмаса, онда нақ осы үлес атасына тиесілі. Анасы-алтыдан бірі, әкелері бірге болса, алтыдан бірі.

Балалар барлығын алады. Әрі қарай әйелдің үлесі еркектің үлесінің жартысына тең.

2). Асаба-мұрагерлердің екінші категориясы. Бұған еркектің туыстары қатысады.

3). Зуль-ахрам – қайтыс болған адамның мұрагері болмайтын және мұрагерлікке құқы жоқ адамдар. Егер фарди (1) және асаба (2) жоқ болса, онда мыналар мұрагер бола алады (әкесі және анасының әкесі, ағасының қыздары, қарындастарының балалары, шешесінің ағасының балалары, немере қарындастары, әкесінің қарындастары, аналары, ағасының бауырлары)

Мұрагерлік құқын жоғалтатындар: кісі өтірген мұрагерлер, дінге сенбейтін адам, құлдыққа түсіп қалғандар, т. б.

### **Жапониядағы феодалдық мемлекеттің даму ерекшеліктері**

Қазіргі Жапонияның жеріндегі алғашқы адамның белгілерін тарихшылар палеолит кезеңімен байланыстырады. Бұл кезең біздің дәуірге дейінгі X-XII мыңжылдыққа жатады. Жапония ол кезде Азия материгімен бірге болатын. X-VIII мыңжылдықтарда мұз ерігеннен кейін дүние жүзілік мұхиттың суы 100 метрге көтеріліп, Жапония материктен бөлініп кетті. Кейін протоайн және протомалай топтары неолит мәдениетін алып келді (Дземон мәдениеті-біздің дәуірге дейін үшінші мыңжылдықтың XI ғасырынан бірінші мыңжылдықтың ортасына дейін). Осы кезеңнің соңында жер шаруашылығы дами бастады. Біздің дәуірге дейінгі III-IV ғасырларда Қытайдың оңтүстік және шығыс аудандарынан протожапон тайпалары қоныс аударған. Олар ерте қола дәуірінің өкілдері еді. Жапония халқы рулық қоғамда тұратын, темір қаруды қолданатын, матриархаттың қалдықтары қоғамдық өмірде көп кездесетін. 3 ғасырда тайпалық бірлестіктер құрыла бастады. Материктен қытайлар мен корейлер қоныс аударды. Рулық қоғам ыдырап, таптық қоғамға айнала бастады.

Жапонияның тарихшылары бұл кезеңді – тас, қола және темір қарулар бірге қолданған уақытты "Яей " деп атайды. (Біздің дәуірге дейінгі 300 жылдар – біздің дәуірдің 300 жылдары), Материктен келген адамдардың мәдениеті абorigендердің мәдениетінен жоғары болатын. Иммигранттар өздерімен қола және темір қару әкелді, күріш өсіруді үйретті, мал тұқымынан сиыр мен жылқы алып келді. Олардың қолөнер және ауыл шаруашылықта қолданатын білімдерде абorigендерден жоғары болатын. Абorigендер көшпенді халықтың мәдениетін сіңіріп, ассимиляциялау процестері басталды, бұл процестің сонында Жапонияның ұлты, халқы құрылды.

Яей кезеңінде Жапония халқы қола металды қорытып, содан қару, жарақ салт – дәтүр бұымдарын істеді. Одан басқа халық балық және аң аулаумен, егін шаруашылығымен айналысты. Егін шаруашылығы халықтың тұрақтылық өмірін нығайтты және жер қоғамын күшейтті. Жер қоғамы "куни" деп аталатын еді. Ол аудандардан (мұра), аудандар үлкен жанұя сияқты үй қоғамдардан тұратын (ко). Бір жанұя 4-5 үйден тұратын. Жер қоғамды абыз басқарады. Ол бүкіл ел үшін намаз оқып, адамдардың күнәсі

үшін кешірім сұрайтын. Қылмысқа мынандай істер жататын еді: жерлердің арасындағы шекараны бұзу, жер суаратын каналдарды құрту, біреудің жеріне таяқ тығып, белгі қою, егінді қайталап егу, кір заттарды лақтыру, малдың терісін сыпырып алу. Некелік қарым-қатынастарда өзгеріс басталды, некеге тұрғысы келетін адамдардың саны азайды, неге десек, енді өзінің туған шешесімен, қызымен және малмен жақындасуға болмайтын болды.

Сонымен, жер қауымында жер орта меншікте болса да, ол әрбір жеке аулаға бөлінген еді, тапқан өнім тек қана өздерінің керек-жарағына жұмсалатын. Керек мұқтаждарынан қалатын өнім өте аз болатын, сондықтан айырбастау көп қолданған жоқ, қолданса да өте жадағай, натуралдық түрінде қолданды. Бірақ қауымның өндіргіш күштері дамығаннан кейін, артық өнім пайда болатын. Сондықтан қауымның ішінде саралау процестері басталды. Ең бай адамдар жылқы малын иеленетін. Сол кезеңнің жерлеу ғұрыптары адамдардың арасындағы теңсіздікті анық көрсетеді. Қауымның қайтыс болған қатардағы адамын жерлемей, далаға апарып тастайтын, ал белгілі адамдарды керамикадан істелген құбырғасалып, инвентармен бірге жерлейтін, онымен бірге қаруын, қола айнасын, моншағын салатын еді.

Жер қоғамының басшысы (дзокуте) биліктің нышаны ретінде найза және семсер ұстайтын. Бұл нышандар әскер басшының функцияларын орындайтыны дәлел. Жапонияның жер қауымдары тайпаларға бірікті. Біздің дәуірдің басында Жапонияның аралдарында кумасо, тэнсон, идзумо, ямато және эмиси деген тайпалар құрылды. Тайпаның суға, жерге жеке меншігі болатын. Еңбектің бөлінуі әлі шамалы, адамдар табиғатқа тәуелді еді, адамдар өзара тайпалық, аумақтық және жанұялық байланыспен қауымдасатын. Тайпалардың арасында жиі соғыс болып, олар бір-біріне қосылып та кететін.

IV-ғасырдың ортасында Ямато тайпасының негізінде алғашқы таптық мемлекет пайда болды. V ғасырда Ямато тайпаларының одағы елдің көп жерлерін өзінің басқаруына алды. Рулық қоғам ауыл қоғамына орнын берді, ақсүйектер байып, халықтан бөлінді. Олар ең жақсы жерлерге ие болды. Қоғамның ыдырауына көп әсер тигізген 645 жылғы Тайка төңкерісі. Бүкіл тайпаларды біріктіріп рулық қоғамның қалдықтарында жаңа мемлекет құрылды. Енді Жапонияны император басқаратын болды. Ол өзін "тэнно" деп атады. Тайка төңкерісі бірнеше реформалардан тұрады. Реформалар "Ұлы өзгерістер" деп аталады. Олар үлгі ретінде қытай мемлекетін алады, императорлар басқарған кезең қытайша аталады, әр кезеңнің өз ұраны болатын. Реформалардың арасындағы ең маңыздысы жер реформасы. 646 жылы императордың декреті бойынша жеке жер иелену жойылды. Оның орнына император бүкіл жерді өзінің меншігі деп жариялап, өзіне бағынған барлық азаматтарға жер үлестерін таратты. Енді үлес ұстаушы адамдар үш түрлі: еңбекпен, жермен байланысты салық және қол өнершіліктен тапқан салық төлейтін болды. Мұнан кейін бір орталыққа бағынған, бюрократиялық мемлекет пайда болды. Халықтың бәрі жер үлесін алды, жер алаңы адамдардың санына орай берілді. Алты жастағы балалардан бастап бір еркек адам 2 танамнан жер алды. Әйел адамның нормасы еркек адамның



алаңының үштен екі бөлігі. Бір тан-0, 12 гектар. Алты жыл өткеннен кейін жер адамның санына сәйкес қайтадан бөлінді. Әрі бір шаруаның жанұясына бақша салуға, егін егуге жер бөлінетін және тың жерлер жыртылып берілетін. Осындай жер үлестерін тарату рулық қоғамды әлсіретті. Шаруалар жылына 100 күн мемлекетке қызмет істейтін және салық төлейтін. Олардың жерді тастап кетуге құқығы жоқ болды.

Еркек адамдар бұдан басқа әскерге шақырылатын, бір жанұя үшін бір еркек адам шақырылуы тиісті. Әскерге алынған рекруттер шекарада үш жыл қызмет істейтін. Шаруалардың осындай құқықтық жағдайлары оларды кедейлікке ұшыратып, негізгі мүддесін қорғау үшін соғысқа қатысатын етті. Олар жерлерін тастап, тауға және тоғайға қашатын болды, сөйтіп мемлекеттің жерінен шығып, жеке меншік жерді иеленгілері келді.

Жеке жерлер "сээн" деп аталды. Ақсүйектердің жерлері Тайхоре кодексі бойынша олардың атағына және қызметіне байланысты болды. Олардың жер көлемі шаруалардың жерлерімен салыстырғанда 40-1250 рет көп болатын. Бұндай жерлер сыйлық ретінде берілген және екі түрге бөлінетін. Бірінші аталған жерлер өмір бойы меншікте, екінші түрі тек қана қызмет істегенше пайдаланатын жер. Басқа жерлердің бәрі уақытша беріледі. Әр – бір жер үлесіне шаруалар бекітілген, олардың саны дәрежеге де жететін: 100-800 және қызмет орнымен байланысты 300-3000. Осылай бекітілген шаруалар жер салығының жартысын мемлекетке, қалған жартысын феодалға төлейтін еді.

Сээн тың көтерген адамдарға берілетін. Тың көтеру өте қиын және ақша көп жұмсалатын қызмет. Сондықтан ол тек қана байлардың қолынан келетін еді. Бұл жерлерді көтерген адамдарға жер меншікке берілетін болды. Тыңның алаңы 555-30 те. Сээнның иесіз жерлері мықты, бай шаруаларға берілетін, онымен бір жылға шарт құратын, бұндай шаруалар осындай жерлерді негізінде өздерінің меншігіне алғысы келгендіктен де, қызметті жақсы істейтін.

652 жылы Жапонияда белгілі бес түтінге болиу жүйесі енгізілді. Бес үй бірге тұрып, бір-біріне жауапты болатын. Олар осы жерлерінде істелген қышмысқа бірге жауап беретін, қылмыскердің балаларын және жетімдерді бірге асырайтын, жол салатын және бір – біріне көмек беретін. Сонымен, өткізілген жер реформасы Жапонияның халқын екіге бөлді, ақсүйектердің қолына ең жақсы жерлер жиналды. Бірақ үлес тарату жүйесі Жапонияда өте кең дами қойған жоқ. Уақытша берілген жер алаңдары тұрақты жеке меншікке айналды, халықты алты жыл өткеннен кейін ешкім қайтадан санаған жоқ. Осындай жер аландары сээнмен қатар жеке меншіктің түріне айналды.

**Жапонияның әлеуметтік құрылысы.** Феодалдар. Феодалдар Тайхоре кодексі бойынша жақсы адамдар деп аталады. Олардың бірінші тобы – астанада тұратын қызметкерлер және сарай жанындағы феодалдар. Екінші тобы провинцияның мемлекеттік аппаратында жоғары орын алатын феодалдар. Үшінші тобы - провинцияда тұрған төменгі дәрежедегі феодалдар. Сарай жанындағы ақсүйектер ең жоғары феодалдарға жатады.

Олардың арасындағы ең күштісі Накатоми тобы, бұл топтың басқарушысы .Каматри Тайка деп аталатын белгілі төңкеріске қатысқан адам болатын. 669 жылы оған Фудзивара деген ат берілген, Каматридің тұқымдары күшейіп, императорға әйелін тек қана осылардың ұрпағынан алуды міндеттеген.

Шаруалар. Олар да жақсы адамдарға жататын. Жоғарыда шаруалар үш түрлі салық төлейді деп айтқан едік. Бірақ Жапонияда жеке басының бостандығы бар шаруалар да көп болатын. Төуелді шаруалар феодалдарға басынан натуралдық салықты күрішпен төлейтін еді (алған өнімінен 40-60 процент). Құлдар "Төмен" адамдар деп аталады. Құлдары бар адамдар олар үшін жер алатын шаруалардың үлесінің үштен бір бөлігін құрайтын. Құлдықтың қайнар көздері: тұтқынға түскен адамдар, құлдыққа өздерін сатқан адамдар және кішкентай кезінде ұрлап құлдыққа айналдырылған балалар. VII ғасырда құлдардың саны алты миллион адамның 10 процентін құрайтын. Құлдық мемлекет құлдық және патриархалдық құлдық нысандарында пайда болды. Мемлекет құлдарды ауыр құрылыс жұмыстарында пайдаланды.

Құлдардан басқа Жапонияда парийлер (эта) деген топ болды. Олар жеке ауылдарда тұрды, шағын жер алаңын пайдаланып, көбіне қолөнермен айналысатын. Мал сою, былғары жасау сияқты лас жұмыстарды істейтін. Тәуір саналатын адамдарға буддизм діні осындай кір жұмыстарды істеуге тыйым салды.

Самурайлар. Жапониядағы сословиелерінің бірі – самурайлар. Олар дворяндарға жатады. Самурайлықтың үш қайнар көзі бар: самурайлардың көпшілігі байыған шаруалардан шыққан. Екіншіден, үй құлдарына бостандық беріп, керек уақытта оларды феодалдың жерін қорғау үшін пайдаланды, бірте-бірте бұлар толық самурай жағдайына көшті. Самурай сословиесінің жоғары топтары губернаторлардан шықты. Самурайлар "то" деген отрядтарға бірікті, то болса "дан" деген ірі отрядтарға бірікті. Самурайлар бір-бірімен күресіп жатқан ірі феодалдық таптардың мүддесін қорғады. Самурайлар өз арасында екі ірі топқа: Тайра және Минамотоға бөлінді.

Самурайлардың арасында бірлік болған жоқ, олар феодалдар арасындағы қайшылықтарды пайдаланатын еді. Самурайлардың әдет-ғұрып кодекстері болатын. Ол "Бусидо"-әскер адамның жолы деп саналады. Бұл өлеңде әрбір адамның тағдырын, жолын құдай бекітіп қойғаны туралы, фатализм туралы айтылады. Самурайлардың кодексін құрған үш идея болды: синто-патриотизм туралы айтады, буддизм-адам өзін-өзі мықты ұстауы керек деп үйретеді, медитация істеп, ешқандай қиыншылықтан және қауіпсіздіктен қорықпау керектігін үйретеді, Конфуций қарызын орындау, мырзасын тыңдау, пайдалы жұмыстарға менменшілікпен қарауды мәлімдейді. Самурайлар жорыққа шығарда, мынандай үш уәде беретін: үйін, әйелін, балаларын және өзінің өмірін ұмытуға. Сюзерені өлген жағдайларда самурай өзін-өзі өлтіруге тиісті еді. Бұл өлім "харакири" деп аталады. Самурайлар соғыс кезінде бір-бірінің алдында мақтанып, атын атап, бірінші болып

соғысқа қатысуға ұмтылатын еді. Соғысқан адамды өлтіріп, оның басын олжа ретінде бәріне көрсететін.

Жапония қалалары. X-XIV ғасырларда Жапонияда қолөнердің дамуымен байланысты қалалар көбейді, Қалалар төртке бөлінетін: буддистік храмдар мен монастырлердің жанындағы почталық қалалар, үлкен жолдардың қасында орналасқан қалалар, портты қалалар және сарайлардың жанындағы қалалар. Жапонияның астанасы Хэйан қаласы: қолөнершілердің ерекше бірлестіру ұйымдары дза деп аталды. Дзаға сатушылар да кіретін еді. Дза үлкен бәсекеден қашу үшін монополияны енгізді, монополиясы бар адам өнім шығарып оны сатуа құқығы бар еді. Монополияға кепілдік береді, қолөнершілер болса кепілдік бергені үшін салық төлейтін немесе өзінің өнімінен беретін.

**Мемлекеттік құрылыс.** Император. Буддизм және Конфуцийдің саналары императордың билігінің негізін құрды. Жалпы мемлекеттің басында құдайдың өкілі, ақылды монарх тұруға тиісті. Ол аспанның баласы. Бірақ императордың билігі күшті болса да, шексіз емес. Ол билігін атақты ақсүйектердің үйлерімен бөледі. Олар кейбір кезде императорды ығыстырып, билігін қолдарына алған да кезең болды. Жапония императоры деспотиялық режим құрған жоқ.

Дадзекан – императордың үлкен кеңесі. Дадзеканды ұлы министр басқарды, оған оң және сол тағы екі министр көмектесті.

Орталық өкіметке сегіз ведомство бағынатын. Олар: сарай, дін, қойма, қаржы, жоғарғы істер, азаматтық істер, салтанаттар, әскери және бұқаралық істер. Осы ведомстволардан басқа буддистік монастырлерді басқаратын ерекше ведомство болды. Алтыншы ғасырдан бастап буддизм Жапонияның негізгі дініне айналды.

XI ғасырда Жапонияда монастырлық басқару басталды. Бұл буддистік храмдардың және монастырлердің басқару нысаны. Жасы жеткен императордың шашын қырықтырып, оның орнына жасы жетпеген императорды қойып, монахтар оның атынан мемлекетті басқаратын.

Буддистік храмдар мен монастырлер өте ірі, бай саяси ұйым болатын. Олардың жерлері көп, бағынышты шаруалары, жеке әскері де бар еді.

Мемлекет провинцияға, провинция уездерге бөлінді. Провинцияны губернатор, уезді уезд бастығы басқарды. Уездің бастығы шаруалар ауылдарына әкімшілік бақылау жүргізеді. Провинцияның әкімдері орталық билікке бағынады.

Мемлекеттік құрылыстың екінші кезеңі. Сегунат. Императордың билігі X ғасырда кесіле бастады. Ең алдында бұл жағдай эксимператорлардың басқаруы деп мәлім болды (1068-1167). Император "тэнно" деп атамайтын болды, оның жаңа аты "ин"-тақтан басын тартқан дегені. Император шашын қырқып, жасы жетпеген баласына билікті беріп, эксимператорға айналды. Эксимператорды самурайлар жақтайтын. Императордың әйелі мен шешесі Фудзивара тұқымынан шыққан. Экс-император енді Фудзивараларға бағынбайтын болды. Ол өзінің жерлерін көбейтуді мақсат етіп, сезндардың режимдерін ретгеп, байыды.

**Камакура сегунаты (1192-1133),** Экс-император Жапонияны басқарған кезенде самурайлардың екі тобы арасындағы күрес күшейді.

Тайра мен Минамотоның бәсекесі барысында Минамото жеңіл шықты. 1192 жылы олар Тайра тобын жеңіп шықты да, Камакура қаласында өздерінің штаб-пәтерін құрды. Сол уақыттан бастап Жапонияда қос өкіметтік билік басталды. Император өте сыйлы болып, оның салтанатты дәстүрлерінің көбі сақталғанымен императордың қолында нақты билік болған жоқ. Кейін император оппозицияның орталығына айналды.

1199 жылдан Жапонияда мемлекетті басқарудың сэккэнат деген нысаны пайда болды. Император мен сегунның сыртына "сэккэн" деген тағы бір қатар қосылды. Мұның мәнісі: жасы жетпеген сегунның функцияларын сэккэн өткізетін болды.

Сегунаттың әскери-бюрократиялық аппараты бакуфу деп аталды. 1221 жылдан бастап бакуфу императордың сарайына сегунның өкілін жіберетін болды. Тэвдай сегунның атынан бұйрық шығаруға құқылы болып, оны самурайлардан құрылған әскер қорғайтын. XIII ғасырдан бастап сегун жаңа императорды тағайындайтын құқықты өзіне алды. Одан басқа тақты беру тәртібін, регенттерді және император сарайының жоғарғы кеңесшілерін тағайындайтын құқықтарды иеленді. Оның штабының орналасқан жері Камакура деген қала. Камакура Жапонияның дамуы шамалы шығыс жағында еді, сондықтан орналасқан жері оның құлауын тездетті.

Сегунаттың ең негізгі органдардың бірі-бакуфу. Оның функцияларының әлсіреп және күшейген де кезендері болды. Бакуфу, негізінде, әскери басқарма. Ол екіге бөлінді: әкімшілік палатасы және жоғарғы сот палатасы. Одан басқа самурайларды басқаратын басқарма болатын. Әкімшілік-полицейлік функцияларды басқару үшін Дзито-жер басшысы және сюго-қорғаушылар функциялары енгізілді.

1185 жылдан бастап Дзито тағайындалды. Минамото оларды өздерінің вассалдарынан койды, алдында олар сегунның вассалдарынан салық жинауға тиісті болатын, кейін олар басқарушылардың да функцияларын орындады. 1221 жылдан кейін дзито әкімшілік және полицейлік міндетгерге ие болды. Олардың ісі сегун сайлаған басқарушышардың функцияларымен қатар жүрді, дзито өздерінің қызмет орындарын пайдаланып, көп қысым жасайтыш еді.

Сюго. 1190 жылдан бастап сегун полицияны басқару және тәртіп құру үшін провинцияларға сюгоны жіберетін болды. Сюгоның әскері бұл жағдайды пайдаланып, олар губернаторларды ығыстырып, олардың негізгі функцияларын өздеріне алды. Сегун өзін сюго мен дзитоның бастығы деп санады. Сегун бүкіл билікті өзінің қолына жинағысы келсе де, жергілікті феодалдар оған қарсылық көрсетті.

Камакура сегунаты кезінде қоғамның ең төменгі бөлігі соре – үлкен отбасы болатын. Оны соре басқаратын, ол жанұяның атағын, негізгі маманын, әдет-ғұрыптарын, тәртібін сақтауға міндетті болатын. Соре ата-бабаларының дінін сақтаушы адам, соғыс кезінде ол өзінің туысқандарынан жиналған әскерді өзі басқаратын. Камакура сегунаты кезінде жанұяны әйел

адам да басқара беретін. Олардың беделі бұл кезде өте жоғары болатын. Сореның шығарған шешімдеріне тіпті сегун де кіріспейтін еді. Сонымен, патриархтар жанұяларын басқарғаннан басқа сегунге де бағынатын еді. Ол сегунның гокэнині деп санады. Сегун мен гокэнинның арасындағы қарым-қатынастарды ерекше қағаз белгіледі. Сол қағазды алғаннан кейін гокэнин сегунге салық төлеймін, еңбек және әскери міндетін орындаймын деген міндеттерді мойындағанын көрсетті. Сегун осы міндетгерге қарсы вассалдарына жер беретін еді. Вассалдардың жерлері мұрагерлік және сыйлық ретінде берілетін жерлер болып екіге бөлінетін.

Хигокэнин сегунның вассалдары емес, басқа феодалдардың вассалдары. Олардың құқықтық жағдайлары гокэниндерден төмен болатын. 1219 жылдан бастап императордың сарайына сегун екі адамды жіберіп тұрды. Императордың сарайындағы өмірі өз бетінше жүріп жатғы: заң шығарып, сән-салтанаттарын өткізді, мұрагерлікпен императордың тағын балаларына берді.

1221 жылдан сегун императордың сарайына тэндайды жібере бастады, ол сегунның атынан бұйрық шығарды. Оның бағынысында самурайлардан құрылған әскерлер болатын. XIII ғасырдан бастап жаңа император-ды, регентгерді және сарай жанындағы жоғары қызметкерлерді сегун тағайындайтын болды.

Екінші сегунат кезінде бакуфу билігі әлсіреді. Ол жағдай Жапонияның сегуны Қытай императорының тәуелдігіне түсуіне байланысты мемлекет те бұл кездері, орташа және ұсақ дайме тәуелсіздігін сақтаған болатын.

Үшінші сегунат кезінде император саяси әсерін толық жоғалтқан еді. Токугава сегунатында 1615 жылы сесидай деген жаңа қызмет орны бекітілді, бұл адам императордың жанында жүретін сегунның өкілі. Императордың қызметін толық сегун бақылайтын болды.

Бірақ бір орталыққа бағындыру процесі бүкіл Жапонияға тараған жоқ, феодалдық княздіктер әкімшілік жергілікті бөлініс ретінде сақтала берді. Жергілікті князьдер өздерінің жерлерінде сот және басқару функцияларын сақтап қалды. Ірі қалаларда сауданы, қолөнершілерді және тау кен жұмыстарын бакуфу бақылады.

1635 жылдан бастап аманат енгізілді. Сегун ірі даимені езінің астанасында тұрғызды, олар иелігіне келгенде Эдо қаласында (сегунның астанасы) өздерінің баласын қалдыруға тиісті болды. Император да өзінің баласын аманат етіп қалдыратын.

Сегун өзінің өкілдігін күшейтіп, бүкіл билікті қолына жинады. Оған көмектесетін мемлекеттік аппарат кеңейіп, бірінші көмекшісі-тайро регенттің функцияларын да атқаратын. Сегунның өкіметін-бакуфуды редзю деген аға кеңесшісі құрды. Олар өз функцияларын ай сайын кезекпен атқаратын. Токугава кезінде бірнеше аға кеңесші бірігіп, мемлекеттік Кеңес құрды. Әрбір кеңесші бакуфудың бір алқасын ішкі істер, әскер, теңізді әскер және қаржы жұмыстарын бақылап отырды. Ерекше өкіметтік басқарма ақша басуды және кен шығарылатын жерді бақылады.

Кіші кеңесшілер сегунның әскерін, сарай қорғауын, полицейлік аппаратын және вассалдарын басқарды.

Жергілікті басқару. 645 жылғы Тайка реформасынан кейін Жапония провинцияларға (куни), 645 жылдан уездерге бөлінді. Оларды губернаторлар мен уезд бастықтары басқарды. Солармен қатар уезге патшаның тексерушілері жіберілетін. Ең төменгі әкімшілік бөлік - ауыл, оны староста басқаратын. Әрбір ауыл елу шарбақтан тұруға тиісті еді. Одан басқа бес шарбақ бірге қосылатын. Олар мемлекет алдындағы міндетті бірге орындайтын, яғни салық төлейді, істеген қылмыстарға жауапты болады, жол салады, басқа жұмыстарға қатысады.

Сегунат кезінде провинцияларға әскери губернаторлар-сюго тағайындалды. Сюго қарауында жергілікті гарнизон болатын, оның міндеттері өте кең болды: орталық өкіметке салық төлеу, халықтың көтерілістерін басу, провинцияны қорғау, өкіметке қарсы шыққан адамдарды ұстау.

Токугава кезінде мемлекет аппаратында полиция ерекше орын алды, ол мэцкэ деп аталатын. Мэцкэ омэцкэге бағынады. Омэцкэ туралы заң 1632 жылы қабылданды. Ең жоғары басшы, бес полиция инспекторы князьдер мен жоғары қызметкерлерді бақылады. Жүріс-тұрыс үшін рұқсат алу керек еді. Дайме үйлену үшін, өзінің сарайын (замок) салу үшін сегун-нан рұқсат сұрады. Шаруаларды бақылау үшін дайқандар тағайындалды, оларға жергілікті старосталар бағынатын еді.

Әскер. Жергілікті белінуді енгізгеннен бұрын Жапонияның әскері рулық сарбаздардан тұратын. Жапонияда үлес жүйесін енгізгеннен кейін әрбір елу шарбақ бір округ құратын, әскерге қаруланған бір еркек адамды беретін. Феодалдық жеке меншік дамып, феодалдардың арасындағы қайшылықтар соғыспен шешіліп, ірі шаруалардың көтерілістері көбейіп кеткеннен кейін кәсіпқой әскерге көшетін қажеттілік туды. Сондықтан, Жапонияда ерекше топ – самурайлар пайда бодды. Самурайлар ірі феодалдардың вассалдары. Олармен қатар XVI ғасырға дейін шаруалардың әскери отрядтары да сақталды. Шаруалардың көтерілістері жиілегеннен кейін феодалдар олардың қолында қарудың қалуы қауіпті екенін түсінді. 1588-1590 жылдарда сегун Моетоми Худэеси шаруалардың қаруын тартып алды. 1591 жылғы бұйрық бойынша шаруалар әскер мүшесі бола алмайды, ал самурайлар-өнеркәсіппен айналыса алмайды деп мәлімдеді. Енді әскер тек қана самурайлардан тұратын болды, ол әскердің негізін атты әскер құрды. Дәрімен атылатын қару шыққаннан кейін жаяу әскерге көшті. С

**Кэмму өкіметі. 1133** жылы Камакур сегунаты құлағаннан кейін экс-император Годайго қайтадан Киото қаласына келіп, Когэн императорды құлатты. Оның жаңа саясаты – самурайлар мен сарай жанындағы ақсүйектерді біріктіру еді. Ол үшін Годайго мынандай шара қолданды: буддистік храмдарға көп жер сыйлап, ақсүйектерге көп жер берді, провинциядағы губернаторларға 5 процент салық төлетті, халықтың саудагерлерге берешек қарыздарын төлетті, бірақ бұл саясаты жақсы нәтижеге жеткізген жоқ. Жіберген қателіктер императордың беделін

төмендетті. Бұл жағдайды пайдаланып, сегун – Асикага таққа басқа император әулетінің өкілін отырғызды. Бұл адам император әулетінің солтүстік бұтағының өкілі болатын. 1336 жылдан бастап Асикага Бакуфу басқару билігін қайтадан жалғастырды. Оның басқару кезеңі Муромати сегунаты деп аталады. Бірақ Жапонияның мемлекеттік құрылысы сегунат кезінде де көп өзгеріске түсті. XIII ғасырда Жапония монғолдардың шабуылына ұшырады. Бұл жағдай Жапонияның ішкі саяси жағдайын күрделендіріп жіберді. 1266 жылы Құбылай хан Жапонияға өкілдерін жіберіп, оның билігіне бағынсын деп ультиматум қойды. Бірақ оның мұндай арсыз талабына Жапонияның басшылығы көнген жоқ. 1274 жылы Жапонияның батыс жағалауына Монғолияның флоты келіп, Цусима және Ики деген аралдарды басып алды. Кейін олар Кюсю аралына әскерлерін шығара бастады. Самурайлар бұндай күшті жаумен қарсылауға дайын емес еді. Бірақ күтпеген жерден көтерілген өте күшті тайфун 200 кемелі бір сәтте жоқ етіп, монғолдардың басып кіруін тоқтатты. Бірақ монғолдар 1281 жылы Жапонияның жағаларына жаңадан 3500 кемеден тұратын екі армаданы қайтадан жинап, жартысы Қытай жағынан, екінші жартысы Корей түбегі жағынан шабуылға шықты. Бұл жағдайда Жапония жағының дайындығы күшті болатын, соғыс кемелері де, жағалауда мұқият өзір еді. Бірақ екінші рет те құдай көмектескендей тайфун қайтадан көтеріліп, бүкіл монғолдардың флотын құртты. Сол уақыттан бастап Жапонияның елі тайфунға "камикадзе" деп ат қойған, бұл сөз "құдай жіберген жел" деп аударылады.

Монғолдарды тоқтатқаннан кейін Жапонияның саяси өмірінде көп өзгерістер байқалды. Самурайлардың саны көбейген сайын, олардың жағдайлары да ауырлай түсті. Олар жерін, үйлерін сатуға мәжбүр болды. Самурайлардың жағдайын өзгерту үшін бірталай шешім қабылданды, олардың қарыздарын кешірді, жерлерін сақтау үшін шаралар қолданылды. Бірақ бұл әрекеттер жағдайды өзгерте алған жоқ. Камакура сегунаты саудамен байланысқан феодалдарға қарсы шықты, бұл режимге шаруалар да қарсылық көрсетті. Осы оппозицияның күштерін император Годайго басқарғысы келді. Бірақ сегун Ходзе бұл астыртын әрекетін ашып қойған еді. Артынан феодалдардың бәрі бірігіп, Ходзе сегунды бүкіл тұқымымен құртты. Камакура сегунаты құлады. 1333 жылы сегундардың өкіметі құлады. Билік қысқа уақытқа Годайго императордың қолына өтті. Бірақ артынан қайтадан сегундер елді басқаратын болды. Бұл сегунат Асикага тұқымының сегунаты еді (1336-1573).

**Муромати сегунаты (1336-1573).** Бұл кезең императордың сарайындағы қайшылықтарымен тарихта қалды. Оңтүстік және Солтүстік династияларының соғысы осы кезде болды. Киото қаласына Оңтүстік сарайдың өкілі келіп екі жақты буддистік Дайкокудзи храмында татуластырды. Бірақ, жалпы алғанда, император сарайындағы қайшылықтар императордың беделін түсіріп, билігін қатты шектеп тастады. Оның діни, саяси және экономикалық ықпалы төмендеп кетті. Аспанның баласын, құдайдың тұқымын енді кетеріліске қатынасушы деп атайтын болды.

Муромати сегунаты кезінде шаруалардың және қолөнершілердің қауымы күшейді. Біріккен шаруалар мен қолөнершілер феодалдарға жиі-жиі қарсы шығатын, Муромати сегунаты кезеңі - көтерілістер кезеңі. Көтерілістің ең ірісі 1485-1493 жылдарғы Ямасито көтерілісі.

Сегунның негізгі әкімшілік сүйеніші - әскери губернаторлар. Олар жерді таратты, феодалдардың арасындағы таластарын шешті. Губернаторлардың экономикалық жағдайлары да күшейді, олар сегун берген жермен қатар өздерінің де жерін жеке меншікке ұстайтын болды.

Губернаторлардан басқа мемлекеттік аппаратты Самурайлар приказы, Әкімшілік палата, Сот приказы, Архив. Сегунның орынбасары деген жаңа қызмет ашылды (канре). Ол орынға ең беделді, сегунға жақын феодалдар тағайындалды.

Шаруалардың көтерілістері кезеңінде қолбасшылар Нобунага Одо, Хидзэеси Тоетоми, Иэясу Токугава басқара отырып, мемлекетті біріктірді. Ұлттық нарықтың қалыптасуына объективтік қажеттіліктің туғаны да осы кез.

XVI ғасырдың ортасында Одо деген сегун Жапонияны біріктіру үшін бірталай әрекет жасады. Ол Асикагалардың тұқымын құртты да, көп уақыт-төленбеген күріш салығын төлетіп, Жапонияның жартысын өзіне бағындырды. Ол сауданың, қаланың дамуын жақтады. Шаруалардың көтерілістерін аяусыз басып отырды. Одонның біріктіру саясатын Тоетоми Хидзэеси жалғастырған еді. Ол шаруаларды санап, жазып шықты. Енді шаруалар екі топқа бөлінетін болды: негізгі, жері бар, салық төлейтін шаруалар және жерсіз шаруалар. Жерсіз шаруалар жерге бекітілген жоқ, сондықтан қай жерге жүрсе де, көшуге құқығы болатын. Хидзэеси шаруалардың қаруын тартып алды. 1597 жылы ол Кореямен соғысып, жеңіліп қалды. Жапонияның біріктіру саясатын өткізген үшінші адам – Токугава Иэясу. 1603 жылы сегун титулын алып, Эдо қаласында жаңа Токугава сегунатын құрды. Оның біріктіру саясаты феодалдық князьдердің билігін жойған жоқ, ол кезде Жапонияда 260 князьдік болатын.

Токугава сегунаты. Токугава жаңа сословиелік жүйесін құрды, ол-сино-ко-се: си-самурайлар, но-шаруалар, ко-қолөнершілер, се-саудагерлер. Самурайлар иерархиялық әлеуметтік баспаның ең жоғары орнын иеленді. Си былай бөлінеді – сегун, оның жақындары, император, кугэ-жерсіз ақсүйектер, букэ-дайме және буси.

Феодалдардың байлығы күрішпен өлшенетін еді. Самурайлар тек қана әскери қызметпен байланысты болатын. Қала қызметкерлері - қолөнершілер, саудагерлер, мұғалімдер, суретшілер, дәрігерлер. Сонымен, XVI-XVII ғасырларда Жапония кешеу феодализм кезеңіне кірді. Мемлекетті біріктіру процесі қалалардың бостандығын жойды. Сословиелер құрылып, шаруалар жерге бекітілді де, қару-жарақ тартып алынды. Мемлекетті бір орталыққа қосу процесі салыстырмалы ғана еді, 200 шақты князьдіктерде сақтады. Бірақ шаруаларға жер беріп, ішкі мемлекеттік соғысты тоқтату өнеркәсіп күштерін дамытты. Қолданған жерлердің алаңы екі есе кебейді, Жапония феодализм дамитын мүмкіндігін әлі қолданып бітірген жоқ. XVII ғасырдан бастап феодалдық басқарушылар шетел азаматтарымен қарым-қатынас



құруға тиым салды. Христиан дініне қарсы Симабар көтерілісінен сабақ алды. Жапонияның өзінен-өзі тұйықталуы феодалдық құрылыстың ілгерілеуін шектеп, ғылым мен техниканың дауын тежеді. Бірақ, бұл шаралар Жапонияны шетел отаршылдығынан сақтап қалды, бейбіт өмір 250 жылға созылды. XVII-XVIII ғасырлар Жапонияның феодалдық дамуының ең жоғары кезеңі.

XVIII ғасырда Жапонияның экономикалық жағдайы нашарлап кетті. Ақсүйектер мен қарапайым халықтың арасындағы қайшылықтар күшейе түскені де осы кез. Сегунның сарайы бір тойдан кейін бір той өткізіп жатты, шаруалар болса кедейлікке шырмалып, ауылдан қаша бастады. Бала өлтіру де өте жиі кездесетін. Шаруалардың қанау нысандары өзгерді. Бұрын салық төлегенде он бөліктің алтауын өзіне қалдырған шаруалар енді бес бөлігін қалдыра алатын еді. Шаруалар қалаға қашпасын деп, қалада тұратын адамдарды жиі санап жазып алатын болды. Шаруалар ұйымдарына тыйым салынды. Шыдамдары біткен шаруалар феодалдарға қарсы көтеріліс жасауды тоқтатпай, XVIII ғасырдың соңында осындай көтерілістер көбейіп кетті. Токугава сегунаты өкілдері әкімшілік шаралармен феодалдық тәртіпті сақтағысы келгенімен, қолдарынан келген жоқ. Бакуфуның қаражаттық терең дағдарысы, натуралдық шаруаның ыдырау процесі, тауарлық-ақшалық қарым-қатынастардың дамуы, самурай тобының әлсіреуі, сауда капиталының дамуы дағдарысты күшейте түсті. Сондықтан XVIII ғасырда өткізілген шаралар нақты нәтиже берген жоқ. Жапония бұл кезде басқа мемлекеттермен қарым-қатынастарды үзіп, таза тұйықталу саясатын жүргізе бастады.

1854 жылы Жапонияға американдар басып кіріп, Ансэй шарттарын жасады. Бұл шарттар Жапонияның тәуелсіздігін шектегенімен, оның сауда-экономикалық байланыстарын күшейтті, шетелдің жаңа ғылымы және техника жетістіктерімен таныстырды. 1855 жылы Ресеймен шарт құрылып, Жапония Курил аралдарының 18-ін жоғалтты, Сахалин бөлінбей қалды. 1875 жылы Ресей Сахалин аралын зандастырып алып, Жапонияға Курил аралдарын қайтарып берді.

Экономикалық дағдарыс және әлеуметтік-экономикалық қайшылықтар еріксіз революциялық жағдай туғызды.

## Қорытынды

Сонымен, жер қауымында жер орта меншікте болса да, ол әрбір жеке аулаға бөлінген еді, тапқан өнім тек қана өздерінің керек-жарағына жұмсалатын. Керек мұқтаждарынан қалатын өнім өте аз болатын, сондықтан айырбастау көп қолданған жоқ, қолданса да өте жадағай, натуралдық түрінде қолданды. Бірақ қауымның өндіргіш күштері дамығаннан кейін, артық өнім пайда болатын. Сондықтан қауымның ішінде саралау процестері басталды. Ең бай адамдар жылқы малын иеленетін. Сол кезеңнің жерлеу ғұрыптары адамдардың арасындағы теңсіздікті анық көрсетеді. Қауымның қайтыс болған қатардағы адамын жерлемей, далаға апарып тастайтын, ал белгілі адамдарды керамикадан істелген құбырғасалып, инвентармен бірге жерлейтін, онымен бірге қаруын, қола айнасын, моншағын салатын еді.

Жер қоғамының басшысы (дзокуте) биліктің нышаны ретінде найза және семсер ұстайтын. Бұл нышандар әскер басшының функцияларын орындайтыны дәлел. Жапонияның жер қауымдары тайпаларға бірікті. Біздің дәуірдің басында Жапонияның аралдарында кумасо, тэнсон, идзумо, ямато және эмиси деген тайпалар құрылды. Тайпаның суға, жерге жеке меншігі болатын. Еңбектің бөлінуі әлі шамалы, адамдар табиғатқа тәуелді еді, адамдар өзара тайпалық, аумақтық және жанұялық байланыспен қауымдасатын. Тайпалардың арасында жиі соғыс болып, олар бір-біріне қосылып та кететін.

IV-ғасырдың ортасында Ямато тайпасының негізінде алғашқы таптық мемлекет пайда болды. V ғасырда Ямато тайпаларының одағы елдің көп жерлерін өзінің басқаруына алды. Рулық қоғам ауыл қоғамына орнын берді, ақсүйектер байып, халықтан бөлінді. Олар ең жақсы жерлерге ие болды. Қоғамның ыдырауына көп әсер тигізген 645 жылғы Тайка төңкерісі. Бүкіл тайпаларды біріктіріп рулық қоғамның қалдықтарында жаңа мемлекет құрылды. Енді Жапонияны император басқаратын болды. Ол өзін "тэнно" деп атады. Тайка төңкерісі бірнеше реформалардан тұрады. Реформалар "Ұлы өзгерістер" деп аталады. Олар үлгі ретінде қытай мемлекетін алады, императорлар басқарған кезең қытайша аталады, әр кезеңнің өз ұраны болатын. Реформалардың арасындағы ең маңыздысы жер реформасы. 646 жылы императордың декреті бойынша жеке жер иелену жойылды. Оның орнына император бүкіл жерді өзінің меншігі деп жариялап, өзіне бағынған барлық азаматтарға жер үлестерін таратты. Енді үлес ұстаушы адамдар үш түрлі: еңбекпен, жермен байланысты салық және қол өнершіліктен тапқан салық төлейтін болды. Мұнан кейін бір орталыққа бағынған, бюрократиялық мемлекет пайда болды. Халықтың бәрі жер үлесін алды, жер алаңы адамдардың санына орай берілді. Алты жастағы балалардан бастап бір еркек адам 2 танамнан жер алды. Әйел адамның нормасы еркек адамның алаңының үштен екі бөлігі. Бір тан-0, 12 гектар. Алты жыл өткеннен кейін жер адамның санына сәйкес қайтадан бөлінді. Әрі бір шаруаның жанұясына бақша салуға, егін егуге жер бөлінетін және тың жерлер жырттылып берілетін. Осындай жер үлестерін тарату рулық қоғамды әлсіретті. Шаруалар

жылына 100 күн мемлекетке қызмет істейтін және салық төлейтін. Олардың жерді тастап кетуге құқығы жоқ болды.